

III. БІЛІМДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТОЛТЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ТӨМЕН КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер, қауіп-қатерлер	Басқарушылық шешімдердің нұсқалары
1	<p>Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыс жоспарының құрылуы, білімдегі олқылықтарды жоюға бағдарланған тапсырмалардың ҚМЖ-да көрініс табуы.</p>	<p>1. Кейбір пәндер бойынша оқу мақсатына жету де оқушыларда кездесетін кедергілер бойынша жұмыстың әлсіздігі.</p> <p>2. Білімдегі олқылықтарды толтыруға бағытталған бөлек тапсырмалар ҚМЖ да кейбір пәндерде енгізілмеді.</p> <p>3. Оқу және тәжірибелік материалдардың біртіндеп күрделенетін спиральдық тәсілі мен тақырыптар арасындағы сабақтастық дұрыс ұйымдастырылмады. Мысалы, математика пәні бойынша бастауыш сыныпта кеткен кемшіліктер, орта, жоғары буындарға келгенде кері әсерін тигізіп, білім сапаның төмендігі байқалды.</p> <p>4. Білім сапасының төмендеуіне кейбір сыныптарда денсаулығына байланысты сабақтан қалу, оқушылардың тұрақсыздығы, себепсіз сабақтан қалу кедергілері болды.</p>	<p>1. Пәндер бойынша оқу мақсаттарындағы кедергілермен жұмысты жүйелі жүргізу, білім сапасының төмендеу себептерін анықтау. Олқылықтармен жұмыстар жүргізу, «Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы мектеп» жұмысын жүйелі ұйымдастыру.</p> <p>2. Білім алушылардың білім сапасы төмендеу себебін анықтау мақсатында ҚМЖ-на басымдық беріп, оқу мақсатына жету үшін әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану және пәндер бойынша құрастырылған тапсырманы ҚМЖ енгізу.</p> <p>3. Оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингін жүргізу арқылы спиральдық оқыту жүйесінің кедергілермен жұмыстар жүргізу. Бастауыш сыныптардан бастап, математика пәнін бақылауға алу, сыныптар арасындағы сабақтастықты дұрыс ұйымдастыру.</p> <p>4. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалуын үнемі бақылауда ұстау. Оқушылардың сабаққа қатысу мониторингін алта сайын жүргізіп отыру.</p>